

Еліміз еңсесін тіктеп, сансыз мұраларын түгендей бастаған уақытта арамызға нұрын шашып қайта оралған Исламның иісі елге қайта сіне бастады. Сонау ерте заманнан қазақы дәстүрімізбен біте қайнаскан асыл дінімізден кенінен мағлұмат беретін әдебиеттеріміз қобейіп, адам жанын ізгілікке тәрбиелейтін діни кітаптарды жаны тазалыққа құмар кез келген азаматтың қолынан қоретіндей күнге жеттік. Ал, кітап – парасатымызды пайымды өтетін, жанымызды жақсылыққа бастап, жүрегімізге ізгілік шуағын шашатын, азғындаудан сақтайтын күнды қазына екені даусыз. Мұндай кітаптарды оқыған сайын иісі Исламның өмір сүру үрдісі қыр баласы қазаққа жат емес екеніне тағы бір мәрте қол жеткізгендей боласыз.

Тәуелсіз Қазақстанымыздың болашағын баянды етуде ұрпақ тәрбиесін басты назарда ұстау қажеттігін айтудан Елбасымыз ешқашан жалыққан емес. Адам тәрбиесінің қиын әрі нәзік мәселе екені даусыз. Бұл жекелеген адамның қолынан келетін оңай шаруа еместігі де түсінікті, сондықтан бәкіл қоғам болып қолға алғанда және дұрыс деңгейде жолға қойылғанда ғана оң нәтижеге қол жеткізуге болады. Ал, осы тәрбие мәселесінде Исламның ролі қандай?

Біздің қоғам бақытты қоғам болуы үшін, ұл-қызға жастайынан бойына имандылықтың дәнін сеуіп, әдептілікке, еңбекқорлыққа баулуымыз керек. Өйтпесе, оң баласынан, өзінің туган әке шешесінен жерінетіндер қайдан шықты? Қошеге шыға қалсаңыз, барлық жәйттарды қозініз қоріп қанығып қайтады. Жанжалдасқан жанды да, іздеу салынғанды да, ренжіскен екі досты да, сөздің парқын білмей, қалай болса солай сөйлеген парықсызды да, ұятты жиып қойып елден қысылмаған қос «ғашықты» да, кекірейген келінді де, жалғанды жалпағынан басып жүрген жуанды да – бәрін-бәрін осы қала ішінен кездестіресіз. Сыпайы сәлемдесіп, жылы қабақ танытып, қомек қолын ұсынуға даяр, қағылез, мейірімді жандарды қол кезіктірдім деп айта аласыз ба? Болса да қол емес. Біліп жасаса да, білмей жасаса да, күнәнің кірінен арыла алмай жүргендер баршылық. Бұл адам баласының имани тұрғыдан азғындауы емес пе?

Имани тұрғыдан азғындау дегеніміз не?

«Ойыншы-құлкішдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу, салғырттық – құллі ақыл мен ғылымды тоздыратуың нәрселер» деген хакім Абай сөзін негізге алар болсақ, «осек, отірік, мақтаншак, еріншек, бекер мал шашпақ», сонау Абай заманындағы зәрін тоқкен дерт болса, ол бүгінгі танның да өзегіне түскен құрт болып отырғаны ащы да болса қоғамдағы қаны тамшылап тұрған шындық.

Енді адамзат өміріндегі Исламның, діни тәрбиенің алатын орны және маңызы туралы пікірімізді одан ары қарай орбітсек.

«Сәлем – сөздің анасы». Баянауыл онірінен шыққан, артына 30 томдық мол мұра қалдырған ұлкен ислам ғұламасы Мәшһүр Жүсіп:

Біздерге сәлем беру болды – сүннет,

Пайғамбар сүннетін түт, болсан ұмбет, –

деп, сәлемдесудің ең әуелі Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) істеген істерін оңеге түтатын, ізінен ерген иісі мұсылман баласының барлығына тән сауапты іс екенін жүйе-жүйе екі-ақ

жол оленмен бедерлеп берген.

Касиетті құранды ашсақ, бұл жайында мынадай әдемі аятқа көзіміз түседі: «Егер сіздерге біреу амандасса, сәлемін одан да асыра не дәл солай қабыл алыңыздар» («Ниса» сүресі, 86). Ойткені сәлемдесу, амандық-саулық сұрасу – адамдардың бір-бірімен тез тіл табысуына, әңгімелесуіне, араласуына, өзара сыйластық, татулық, бауырмашылдық, жолдастық, достық құруына жол ашатын кілт.

Сәлем беру – адамға жақсылық, есендік, саулық тілеу дегенді білдіреді.

«Ислам» дегеннің өзі сол есендік, татулық, бейбітшілікті бұтіндеуден туады.

«Ассалаумағалейкум» деген сөз «Сізге есен-саулық, тыныштық тілеймін!» дегенді

білдіреді. Ал «Уағалейкум ассалам» болса, «Маған тілеген есен-саулық, жақсылықты

сізге де тілеймін» дегендік. Кейде сәлемді артығымен қабыл алу мақсатында

«Ассалаумағалейкум уә рахматуллани» (Сізге Құдайдың тыныштығын, есен-саулығымен

қатар рақымын да тілеймін) деп, оған «Уа алайкумассалам уә рахматуллани уә

баракатуһу» (Сізге Құдайдың тыныштығын, рақымын, оған қоса берекетін де тілеймін)

деп те жауап беріліп жатады.

Сәлем беру – сүннет болса, алу – уәжіп. Мұқағали ақынның:

«Бағамын деп әркімнің қас-қабағын.

Балам қабак шытса да жасқанамын.

Сәлемімді біреулер алмай кетсе,

Екі иығым салбырап, пәс қаламын»

деп күйінгеніндей, өкінішке орай, сәлемге салқын қарайтындар да кездесіп жатады.

Бірақ ондайларға бола іштей ренжіп, сәлемдесуден суып қалудың реті жоқ. Ойткені

«Сәләм» – Аллаһ тағаланың қорқар есімдерінің бірі. Сондықтан сәлем беруші артық

сауапқа ие болады. Хадисте егер берген сәлемінді қарсы жақ алмаса, әрбір сенің

сәлемінді одан гөрі жақсырақ, абзалырақ періштелердің алатындығы айтылған (Имам

Ахмад, 4/20; Бұхари, Әдабул-мұфрад; Әбу Яғла 3/127).

Мұсылманшылықты болмысына сініре білген қазақ халқы сәлемдесуге үлкен мән берген,

сәлем беруді мәні терең әдептілікке балаған. Тіпті келіннің үлкендерге иіліп сәлем салып

тұруы секілді оның жасқа, шамаға, жынысына қарай реттілігін де дәстүрге тамаша енгізе

білген. Сөз қадірін биік қойған қазақ тіпті «Сәлем – сөздің анасы» деп баға берген.

«Үстазға құрмет – шәкіртке міндет». Ислам дінінде ілім үйретуші ұстаздың орны жоғары

бағаланған. Ілім үйрету – ең сауапты әрі қадірлі болып есептелген. Қасиетті Құранда:

«Айтшы, білетіндер мен білмейтіндер тен бе?» –

делініп, көзі ашық, білімді адамның тұғыры қашанда биік тұратындығы айтылса,

хадистерде де ілім үйретушіні әрдайым сыйлап, құрметтеу керектігі ескертілген.

Сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) бір хадистерінде:

«Ілім үйреніңіздер, ілімге қажетті байыптылық пен байсалдылықты да қоса үйреніңіздер.

Сіздерге ілім үйреткен кісіні құрметтеніңіздер, сыйланыңыздар» (Хайсами, Мәжмуаз-зауаид,

Илм, 1/129, 30);

«Адам қайтыс болғанда, амал дәптері жабылады. Мына үш кісінің ғана сауабы жалғаса

береді: артынан дұға жолдайтын игі ұрпақ қалдырған, ел игілігіне жарайтын дүние

салдырған, артына ілім қалдырған адам» (Ибн Мажа, Сүнән) – деп, ілім үйретушінің

сауабы екі дүниеде де тоқтаусыз екендігін білдіріп, ғалымдарды сыйлауға, ұстаздарға

құрметпен қарауға шақырған.

Анығында «встаз» деген кім? Устаз – шәкіртін өмірге баулушы, оған өмірлік азық боларлық пайдалы білім мен жанына ізгіліктің нәрін егуші, жақсы мен жаманды, обал мен сауапты үйретіп, адамгершілік қасиеттерді сіңіруші, өзінің тәжірибесімен болісетін жанашыры әрі ақылшысы. Бір сөзбен айтқанда, бүгінгі қоғамды ертен алға сүйрейтін озық ойлы адам тәрбиелеуші, өз уақытын аямай, өзгенін бақытын аялаушы.

«Адамның адамшылығы жақсы втаздан» деп хакім Абай айтпақшы, тарихта ақыл-парасаты мол тұлғалардың көпшілігі втазына ерекше құрметпен карап, әрдайым сондай бір ізетпен еске алған. Айталық, Ескендір Зұлкарнайын – Аристотельді, Абылай хан – Толе биді, Шәкәрім – Абайды, Бердақ – Қыңқожаны, Жамбыл – Сүйінбайды өзіне ақылшы әрі втаз тұтқан. «Устазы жақсының – втамы жақсы» дегендей, олар өздерінің өмірде бағындырған зор асуларына втаздарының сіңірген еңбегі көп екенін жақсы тұсінген. Мәселен, Ескендір Зұлкарнайын өз втазын: «Мен втазыма өкемнен кем қарыздар емеспін. Өкемнен өмірді алсам, ал Аристотельден сол өмірге керектінің бәрі алдым», – деп еске алатын болған.

Расында, втазға құрмет – шәкіртке сын.

Ежелгі Үндістанның әдептілік кодексі – «Ману баптарында»: «Шәкірт өзінің втазына тосекте жатып, тамақ ішіп отырып немесе одан алыста тұрып яки жүзін басқа жаққа бұрып тұрып жауап бермеуі, әңгімелеспеуі тиіс. Егер втаз түрегеп тұрса, ол да тік тұрып, иба білдіруге тиіс» (Ү.Асыллов, Ж.Нұсқабайұлы. Әдептану. Мектеп баспасы, 2003, б. 82) – деуі ой саларлық.

Ертеректе мұсылман әлемінде ғалымдарға, втазға деген сый-құрмет жоғары болған. Үзақ жыл білім жинаудың, білгенін басқаларға үйретудің, кітап жазу секілді оқу-ағарту ісімен айналысудың беделі биік тұрған. Ойткені втаздар бұл іске сауап тұрғысынан көбірек мән беріп, қоғам тәрбиесіне өздерінің жауапты екенін терен сезінген. Пәнді үйретумен ғана шектелмей, шәкірттеріне өмірлік дұрыс ақыл-көңес беріп, адамгершілікпен имандылыққа қатар баулыған, жүріс-тұрыс, мінезімен жақсы үлгі-өнеге көрсеткен. Қажет кезінде шәкірттерінің дәрістен тыс жағдайларына да аландаушылық таныту арқылы шын жанашырлық танытқан. Оқу, білім, ғылым, мәдениет, адамгершілік, әдеп, тәрбие – бәрін втаздан үйренген шәкірт втазды өз ата-анасынан кем қадірлемеген. Утазының алғысын алмаса, алған білімінің берекесін көре алмайтындығына сенген. Тіпті втазды қатты құрметтегені сонша – есігін қағудың өзін әдепсіздікке балап, сыртта тұрып, шыққанын күткен. Шәкірт втазына ғана емес, оның жақындарына да құрметпен қараған. Утазының үй жағына аяқ созып жатудың өзін тәрбиесіздік деп білген. Имам Шафиғи бір малшыны көргенде, ізетпен орнынан түрегеледі. Қасындағылар «Малшыға сонша құрмет көрсеткеніңіз қалай?» – деп сұрағанда, «Бұл кісі кезінде қанша кітапты карап таба алмаған бір мәселенің жауабын маған үйретіп еді, сондықтан бір рет те болса втаздық жасаған кісіге құрмет көрсетуді өзіме міндет деп білемін», – деген жауап айтқан.

Қорыта келгенде, әр мұсылманға ілім үйренуді парыз еткен Ислам дінінде втазға деген құрмет жоғары бағаланған. «Адамдардың ең жақсысы – басқаларға пайдасы тигені» деген сонғы елші, ғаламның рахым нұры Мұхаммед пайғамбарымыздың да (с.а.с.) әлемге үйретуші втаз ретінде келгені тегін емес. Олай болса, ертенгі өмірдің баянды да бақытты болуын қалаған әрбір адам, әрбір студент втазға құрмет көрсетуді өзіне қастерлі борыш деп білуі тиіс.

Міне біз Исламның адам тәрбиесіндегі ролін жоғарыда баяндалған екі бағыттағы Исламның встанымын мысал келтіре отырып көрсеттік. Мұнан біз, Ислам діні адам

тәрбиесінің қандай саласында болмасын, тек қана жақсылыққа, мейрімділікке, сыйластыққа жетектейтінін көреміз. Демек, бұл – Ислам дінінің ұстанымына амал жасаған адам өз бойындағы кемшіліктерді жойып, оның орнын жақсы қасиеттермен толықтыруға ұмтылады деген сөз. Ең бастысы – Ислам дінін шын жүрегімен басшылыққа алған адам рухани жағынан үздіксіз кемелдене түспек. Ал, адамның рухани сапасына жетерлік баға берілмей, байлыққа, мансапқа, дәрежеге ұмтылу басты мақсатқа айналып бара жатқаны біздің қоғамымыз үшін бүгінгі таңда бұл ең басты және қажетті мәселеге айналып отырғаны ақиқат.

А.Т.Имандосов, техника ғылымдарының кандидаты, доцент